

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ыстық лебізі сөнбеген халықтың сана-сезімін жақынырақ тануға негізгі алып барар жол. Өз туған елінен, отандастарымен шекара сызығының әсерінен қол үзген халықтың әдебиеті әдебиеттану ғылымына орасан зор материал, нәтиже, тұжырым енгізеріне сеніміміз мол.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность: монография / Мендикулова Гульнара Малбагаровна; редактор Т.Ш. Даулетов; Министерство образования и науки РК, Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова. - Алматы : Всемирная Ассоциация казахов, 2006. – 342 б.
2. Амантай Д. Эмигранттық әдебиет. Эссе. [Электронды ресурс] [Эмигранттық әдебиет – HALYQLINE.KZ](http://HALYQLINE.KZ)
3. Зарыққан Ұ. Эмиграциядағы қазақ әдебиетінің бастаулары. [Электронды ресурс] [Эмиграциядағы қазақ әдебиетінің бастаулары \(adebiportal.kz\)](http://adebiportal.kz)
4. Этносаяси сөздік: Қазақстанның қоғамдық келісім және этносаралық толеранттылық саясаты және практикасы терминдері мен ұғымдары / Е.Л. Тоғжанов, Н.П. Калашникова, С.К. Калмыков, В.А. Малиновский. - Астана: Ш.Шаяхметов атын. ТДРУЭО, 2014. – 398 б.
5. Байтанасова Қ.М. Эмиграциялық әдебиет: жаһандану үдерісі мен көркемдік сабақтастық : ("Шетел әдебиеті тарихы" пәніне қосымша құрал) / Қ.М. Байтанасова. - Астана : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 212 б.

АЛАШ ҚАЛАМГЕРІ ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ ТАҒДЫРЫ МЕН МҰРАСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Ермағамбет Аружан Мұратқызы

ayermagambet@list.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, ҚФ-23 тобының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Кемеңгер Қ.Р.

«Екі заман шекарасында туған халқының ақылы, ойы, ары, баскөтерері болып, оның қамы үшін, тағдыры мен болашағы үшін бастарын тауға да, тасқа да соғып, ақыры бір кездерде біздің елді жайлаған зорлық-зомбылық дертінің құрбаны болып кеткен арыстарымыздың қатарында Жүсіпбек Аймауытов та бар».

Академик Серік Қирабаев

Қазақ әдебиетіміздің төрінен ойып тұрып орын алатын бірегей тұлға – Жүсіпбек Аймауытұлы. Аз ғана ғұмыр сүрсе де, қазақ әдебиетін жаңа өреге көтеруге өлшеусіз үлес қосқан жазушы аласапыран заманда қоғам ісіне білек сыбана кірісіп, қайраткерлік, білімдарлық, адамгершілік тұлғасымен көрінді. Ж.Аймауытұлы Алаш зиялыларының ішінде алғашқылардың бірі болып атылғанымен, алғашқылардың бірі болып ақталмады. Қилы заманмен арпалысқан ауыр тағдыр күрескер рухынан танбады. Жүсіпбек десе, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік шығармалары болып есептелетін «Ақбілегі» мен «Қартқожасы» еске түсері хақ.

«Тау толғатып жататын, төбелер аяғы ауыр талай талант тудырған – Баянауыл, Баянауыл», - ақындар осылай тебіреніп суреттеген Баянауыл өлкесі өзінің табиғатына сай тау тұлғалы дарындарды әкелген. Талай тарихтың куәсі болған, Дәндебай жазығы, Дәндебайдың сары шоқысы деп аталып кеткен бұл өлке Жүсіпбек Аймауытұлының ата-жұрты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазбаларының бірінде Жүсіпбектің шыққан тегі туралы

тәптіштеп жазған. Қайраткер Смағұл Садуақасұлына берген жауабына Жүсіпбектің өзі: «Мен сиыр жылының аяғында Қызылтаудың бауырындағы Қараның адыры деген жерде, Дәндебай ауылында тусам керек. Руым – Сүйіндік, оның ішінде Күлік. Айдабол, Күлік бір туысады. Сұлтанмахмұт Айдаболдан. Екеуіміз сегізінші атадан қосыламыз, Мәшһүр Жүсіппен жетінші атадан қосыламыз» [1, 260 б.],- деп жазады. Аймауыт ақсақалдың хат танитындығы, домбыра тартатындығы бар екен. Десе де, Жүсіпбектің бойына дарыған талант нағашы жұртынан дарыды десек қателеспейміз. Себебі анасы Бәтиманың өлең жазатын ақындық қасиеті болған. Жүсіпбектің өзі 5-6 молдадан білім алғанын, оның екеуінен басқасы өзге ауылдыкі, Ақат ағасы екеуін сабақтан үзбей, екінші, ауылдағы етікші, ағашшы, сыршыларға жіберіп қол өнерін үйреткен. Жүсіпбектің молдадан оқып, молда боп шығуы қайдан десек, өзі 15 жасқа келгенде молдалық құрып, бала оқыта бастады. «Қартқожадағы підие алатын бала молданы оқысақ – ол өзім, Қартқожаның әке-шешесін көрсе – ол өз әке-шешем» [1, 260 б.], - деуі соның айғағы. Жасынан көп оқыған Жүсіпбек алғашқы тырнақалды өлеңін 13 жасар кезінде жазады. Ол туралы өзі былай деп толғап еске алады: «Дұғалық жазатын кішкене қара шолақ кітапшама Тіленші шалға боранда есігін ашпаған бір кемпірді, көнікенде байталға мінбеймін деп, әкесін ренжіткен қызды өлең қып жазып қойғанымды көріп, әкемнің маңдайынан иіскегені әлі есімде. Ең алғаш басылған сөзім 1913 жылы болса керек, ақымақ бір алыпсатардың болыс болам деп, елге бір мeste шай апарып, елдің қулары болыс қоямыз деп, шайларын алдап алып, бос қайтқанын жазып едім, бұл хабар «Қазақ» газетінде басылған. Бұл хабардың басылуы қалам ұстауыма үлкен себеп болды» [1, 260 б.].

Абайтанушы Қайым Мұхамедханов Жүсіпбектің сан қырлы тұлға болғанын, әнші де, ақын да, жазушы, журналист, аудармашы, сыншы, публицист – бәрі, бәрі де Жүсіпбектің бойында бар екенін айтады. Бұған қоса Жүсіпбектің драматургтігі де бар екен. 1916 жылдан бастап пьеса жазуды бастапты, алайда алғашқы 5 перделі пьесасы Нұрғали Құлжановқа ұнамай жарияланбай қалған екен. Дегенмен, белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығай оның драматургиядағы сара жолын былайша сипаттаған: «Жүсіпбек Аймауытов – Алаш арыстарының ішіндегі ең бір шоқтығы биік, ақыл-парасат жағынан озық ойлы даналарымыздың бірі. Ол 1926 жылы бірінші республикалық драматургиялық байқауда 2-орынға ие болған. Бұл орынды Жүсіпбек шартты түрде иеленген, әйтпесе оның «Шерниязы» қатысқан туындылардың, мысалы М.Әуезовтің үкілеп қосқан «Қаракөзі», І.Жансүгіровтің «Махамбет-Исатайы» бар осылардың ішінен ең жоғары бағаға ие болған». Яғни, Жүсіпбек осы байқауда бас жүлдені алған, бірақ биіктігі мен ақыл-парасатының тереңдігі соншалық, М.Әуезов тұрғанда бас жүлдені алуға дәмеленбеген де. Алған күннің өзінде Мұхтар алдында, өнерінің алдында бас игені соншалық, марапатынан бас тартқан. Кезінде Жүсіпбек өзін актер ретінде сынағаны да бар. Бұл туралы «Айқап» журналының 1915 жылғы 5-санында жарияланған. Жүсіпбек Аймауытұлы мен Тұрар Қозыбағарова басты рөлдерде «Біржан-Сараны» сахналап шығады.

Осынау бір тума талант иесінің қызық құрып, дәурен құрар шағы көпке жетпеді. 1922 жылдары «мал жеді» деген жаламен, мал жинау ісі тапсырылған комиссияға басшылық құрған Жүсіпбек үстіне айып тағылады. Бұл кезең Жүсіпбек өміріндегі аса бір ауыр шақ болды. Ол өзінің ақ атын, ешкімге қиянат жасауға дәті бармаған арын сақтап, ақтап алу үшін, «Жауап» атты үлкен мақала жазады. Оқиғаның қалай болғанын баяндайды. Аталған мақаладағы осы бір қынжылған жүрек үні, бойына шелекпен суық су құйғандай дір сілкіндіреді: «Жалғыз қынжылатын нәрсе: ауыр қызмет, ақ ниет зая кеткен сықылды «еңбегің еш, тұзың сор» деген мақалдың тап болуы...» Дау осымен тәмамдалған жоқ, 1923 жылы бастау алған бұл пәле-жала ақырында 1926 жылы Жүсіпбекті тар қапасаққа жабумен тынады. Десе де, ақ жүрек ақталды, таза ниетті, кіршіксіз таза ары сақталды. Жүсіпбек өзін-өзі тар қапастан шығарды, соттағы өзін ақтап айтқан сөзі Семей жұртында біраз уақыт бойы аңыз болып жүрді деседі.

Осыдан соң, Жүсіпбек ең асыл іс – ұстаздыққа көңіл бұрады, шәкірт тәрбиелейді. Қарқаралы мектебінде, Қазақ институтында, Орынбордағы әскери қызметкерлер даярлайтын мектепте де сабақ береді. Осынау ұстаздық жолында жүрген Жүсіпбек, ұстаздықтың терең

ілімін таныды, және оны өзінің «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Сабақ берудің комплексті жүйе әдістері», «Жан жүйесі мен өнер таңдау» » [2, 13 б.]. сынды оқу құралдары арқылы дәлелдеді.

Жүсіпбек шығармашылығында дін шығармашылығы да шеткері қалған тақырып емес. Ол туралы «Тәрбие» атты мақаласында да сөз қозғайды. Мағжан Жұмабайұлы «ескішіл, діншіл» деп айыпталғанда да, арашалауға тырысып, Мағжанның құдайшылығын жақтап мақала жазған да Жүсіпбек. Мәшһүр Жүсіпке жазған хатынан да жүрегі Құдай деп соққан таза иманды ниетін көреміз: «Ынтылы жүрек, шын көңілге тірелетін әркімнің иманы ғой. Жарылқаушыны да, қорғаушыны да өзі іздеп, өзі танып табатын шығар деп ойлап, ол сырымды жасырып отырмын» [3, 242 б.], - дейді. Ағасына жазған ендігі бір хатында ұйқы мен тамақты ұмытып, бар жан-тәнімен жаңа роман жазып бітіргенін айтады [4, 259 б.]. Бұл роман баршамызға аян – Ақбілек романы болса керек.

Жүсіпбек айдалып, түрмеге қамалып жүрсе де, халыққа игі қызмет етуін тоқтатқан жоқ, жүрегін ойы мен сөзінен, ойы мен сөзін қаламынан алыстатқан емес. Дәл осылай қоғамды оятамын деп шыр-пыр жүргізген Алаш арыстарының бірі Жүсіпбек «Революцияға қарсы жасырын ұйымның мүшесі» деген желеумен тұтқындалып кете барды. Мәскеуге алып кетті. Жүсіпбектің абақтыдағы болған кезеңі туралы баласы Бектүр өзінің естелігінде жазады [5, 280-281 б.]. Алматыдан Мәскеуге алып кетіп бара жатқанда, бір мезет тіл қатқанын, кейін жазған хаттарында «қанмен қақырып» жүргенін жазады. Бір айдан соң, «Жусупбека Аймауытова больше нету в живых» деген қаралы хабарды арқалаған хат келгенін келтіреді. Сөйтіп қазақтың бағына туған жарық жұлдызды Жүсіпбек 1931 жылы 21 сәуірде Мәскеу түрмесінде атылды. 60 жылға жуық есімі ақталмады. Оның ақталуы үшін жанын беруге даяр болғандардың бірі, шәкірті – Ғабит Мүсірепов еді. Шәкәрімдер ақталғанда, Жүсіпбектің ақталғанын сұрап, тілеген де Ғабит Мүсірепов. Алайда көзі тірісінде ұстазының ақталуын көру тағдырына жазбапты.

«Ғылым білімге қонады: білімсіз ғылым сыңар жақ; ғылым білімді ұлғайтады; ғылымсыз білім тым құрғақ. Білімді орнына жұмсау керек: жамандыққа салынған білімдіден білімсіз артық. Білімді орнына жұмсағаны не? Ол – тәрбие. Тәрбие көрмеген білімді жауыздың надан жауыздан зияны жүз есе артық», - деп тәрбие мен білімнің ұштасқанын қазақ балаларынан көруді арман еткен Жүсіпбек Аймауытұлы тағдыры – халық үшін туған, халық үшін өлімнен қорықпайтын біртуар азаматтың тағдыры. Дихан Әбілевтің естелігінде, Бохытай Жуанышбаев пен Жүсіпбектің бір ауыз диалогы, ана тілге деген шексіз құрмет пен махабаттың дәлелі іспетті: Мағаз ағамен бірге осы үйде жататын сақалды, қошқар тұмсықтау, зиялы Бохытай Жуанышбаев бөлмеге кірген бетінде: – С приездом, Жүсіпбек! — деді. — Амандығымыз ата-анамыздың тілімен басталмаушы ма еді, Бақа? Сіз бен біздің оқыған екенімізді орысшаламасақ та білетін шығар бұл жұрт [6, 345 б.], – деді Жүсіпбек аға.

Бұл күнде қазақ классикалық жазба әдебиетінің негізін қалаған қаламгердің бірі, тоталитарлық заманда қуғын-сүргін құрбаны болған суреткер Жүсіпбек Аймауытұлы мұрасы туған халқымен қауышты. Көркем шығармалары, зерттеулері, мақалалары, аударма еңбегі көп томдық болып жарық көрді. Орта мектеп бағдарламасына туындылары енген көрнекті қаламгер мұрасы бойынша диссертациялар қорғалып, монографиялық еңбектер жазылды. Көркемдік қуаты биік жазушының асқақ рухы туған халқымен бірге жасай береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Өз жайымнан мағлұмат //Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т. / Жауапты редакторы: С.С.Қирабаев. – Алматы: Ғылым, 1999. – 304 б.
2. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. – Алматы: Қазақ ССР "Білім қоғамы", 1990 – 36 б.
3. Мәшһүр аға //Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т. / Жауапты редакторы: С.С.Қирабаев. – Алматы: Ғылым, 1999. – 304 б.

4. Құрметті Мәшһүр аға //Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т. / Жауапты редакторы: С.С.Қирабаев. – Алматы: Ғылым, 1999. – 304 б.
5. Бектұр Аймауытов (естелік). //Естеліктегі Алаш: әдеби-танымдық басылым / Құрастырған С.Б. Жұмағұл. – Қарағанды: Tengri Ltd, 2018. – 667 бет.
6. Әбілев Д. Жүсіпбек аға (естелік) // Естеліктегі Алаш: әдеби-танымдық басылым / Құрастырған С.Б. Жұмағұл. – Қарағанды: Tengri Ltd, 2018. – 667 бет.

УДК 17.02.82

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Жақсылық Нүрия Жақсылыққызы

jaqsylyqnuriya@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD, Карипбаев Ж.

Қазақ халқының поэзиясы барлық рухани-мәдени қазынаның ішіндегі тарихы тереңнен келе жатқан ең молы, бағалысы болып табылады. Прозалық жанрдан бұрын халықтың дәстүр-салтына, өмір-тіршілік жағдайына орай көп ғасырлар бойы поэзия жетекші өнер саласы болып келді. «Поэзия - өнердің асыл тегі. Өзге өнердің бәрінің өзін біреуде қолданатын құралының мүмкіндігіне қарай творчестволық әрекеті азды-көпті болса да қысымнан, тар өрісті боп келеді. Поэзия адамның еркін тілімен берілгендіктен, онда үн де, сурет те және пайымды, айқын айтылған түсінік те болмақ. Мұқағалидан бергі заманда әдебиетке, өлең дейтін саф өнерге талай буын келді. Қазір заман да, қоғам да, соған орай өмір де, адам да - өзгерген шақ. Абай, Махамбет, Мағжан, Ілияс дәстүрін дәріптеп, қазақ өлеңінің жұлдызын жарқыратып, көкке көтерген: Қасым, Гафу, Жүмекен, Мұқағали, Фариза, Тұманбай, Қадыр сынды ақындардан қара үзіп кетпесе де, жаңа ақындарға із салған кешегі: Кеңшілік, Жұматай, Жарасқан, Темірхан, Мұхтар, Иранбек, Исраил, Ұлықбек, Есенғали. Осынау кешегі жас, бүгінгі бас ақындардың тынымсыз ізденістері, құдай берген құдірет дарындары нәтижесінде қазақ поэзиясына жаңа ақындардың тегеуірінді легі келіп қосылды. Әдебиетке 80-жылдардың соңы, 90-жылдардың басында араласқан буын өкілдері қазақ әдебиетіне нағыз тәуелсіздік рухын алып келді. Айталық, Ұлықбек Есдәулетов, Есенғали Раушанов, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Серік Ақсұңқарұлы, Светқали Нұржан, Гүлнар Салықбаева, Жанна Елеусіз, Жанат Әскербекқызы, Нұрлан Мәукенұлы, Маралтай Райымбекұлы. «Толқыннан толқын туады» дегендей, осы ақындарымыздың ізін басып келе жатқан жас толқынның бар екенін айтпай кету мүмкін емес. Одан кейінгі буын ішінде Дәулеткерей Кәпұлы, Танагөз Толқынқызы, Ақберен Елгезек, Ардақ Нұрғазы, Тоқтарәлі Таңжарық, Ұларбек Нұрғалым, Қуаныш Дәлей, Гүлманат Әуелхан, Ықылас Ожай, Ырысбек Дәбей, Серік Боқан, Азамат Тасқараұлы, Ерлан Жүніс, Бауыржан Қарағызұлы өлеңдері жоғары бағаланса, ал біздің өз қатарластарымыздың арасында Дәурен Тілеухан, Ақбота Бейбітбек, Дәулет Жадырасын, Сезім Мергенбай, Ақжан Аманжол, Еламан Төлеутай, Арқалық Әмалият, Ғылымнұр Кәдірбай, Рысгүл Досжанова т.б. айтуға болады. Олар сөз өнеріне бұрынғы ағалары салған соқпақпен емес, тың, жаңаша, мүлде басқа көзқараспен келді. Буырқанып, арындап, арқырап жаңа леппен, жаңа үнмен келді. Олар қолдан тағдыр жасап, сары уайыммен күңірене бергенді әсте ұнатпады. Олар мадақ жырын жазып, жеке басты дәріптеп, ешкімнің сойылын соқпады, ешкімге болыспады, жалтақтамады. Олар сылдыр сөз бен бояма көбіктен гөрі шынайылықты биік қойды. Олар әлем әдебиеті мен мәдениетін шығармашылық ізденіс үстінде өздерінше оқып-үйреніп, шығармашылық процесс үстінде өздерінше кәдеге жаратып жүр. Олар дегеніміз кімдер? Иә, біз бүгін жаңа